

2011 жылдың қаңтар-наурызында тіркеу өткізілетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды "Ақмола облысы Астрахан ауданының Қорғаныс істер бойынша бірлескен бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 14 шешімі. Ақмола облысы Егіндікөл аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 11 қаңтарда № 1-8-103 тіркелді. Қолдану мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 10 маусымдағы № 495 хатымен)

Ескерту. Қолдану мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімі аппаратының 10.06.2013 № 495 хатымен)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережеге» сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2011 жылдың қаңтар-наурызында тіркеу өткізілетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды «Ақмола облысы Астрахан ауданының қорғаныс істер бойынша бірлескен бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Егіндікөл ауданы әкімінің «2010 жылдың қаңтар-наурызында тіркеу өткізілетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды «Ақмола облысы Астрахан ауданының қорғаныс істер бойынша бірлескен бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 1 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізімінде № 1-8-91 тіркелген, аудандық «Шұғыла-Целинная нива» газетінде 2010 жылғы 8 наурызда жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
Ж. С. Ысқақоваға жүктелсін.

4.Осы шешім Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл ауданының әкімі

Б.Сұлтанов

«КЕЛІСІЛДІ»

*«Ақмола облысы Астрахан ауданының
қорғаныс істері бойынша бірлескен
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің*

бастығының міндетін атқарушы

М.Ілдетәев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК